

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің бракераждық комиссия отырысының

№ 2 ХАТТАМАСЫ

Қатысқаны –

Күні: 26.09.2022

Комиссия төрағасы, мектеп-лицей директоры – Б.С.Тумурзаев

Бракераждық комиссиясының мүшелері:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г.Ибрашева

Қамқоршылық кеңес төрағасы: М.Аралбаев

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Ғ.Илькибаев

Ата-аналар комитеті төрағасы: О.Жұмашұлы

Бастауыш сыныптар бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасары: У.Маденова

Мектеп әлеуметтік педагогы: М.Абдуллаева

Мектеп медбикесі: З.Абасилова

Бас аспазшы – С.Тажимаева

Күн тәртібінде:

1. Асхана қызметкерлерінің денсаулығын бақылау және жеке гигиена ережелерін сақталуын қадағалау, қызметкерлердің арнайы киімдерімен қамтамасыз етілуі, медициналық тексеруден өтілу мерзімдерін бақылау.
2. Асхананың санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай болуын қадағалау.

Тыңдалды:







Аспазшылардың денсаулығына бақылау жүргізілуі және жеке гигиена ережелерінің сақталуы тексерілді. Асхана тағамдарды дайындау бөлмесі, ас пісіру бөлмесі, ыдыс жуу бөлмесі және қызметкерлердің киімдеріне арналған орын қарастырылған, оның ішінде екі шкаф орнатылған, бір шкафта сыртқы киімдері ілінген, екінші шкафта арнайы киімдері орналасқан. Арнайы киімдері екі аусымға жеткілікті. Қызметкерлердің қолдарын жууға арнайы қолжуғыш, бір электркептіргіш қарастырылған. Сабындар, ыдыс жуу заттары, заласыздандыру заттары жеткілікті. Қызметкерлердің жұмысқа жіберілгені туралы белгісі бар жеке медициналық кітапшалары бар, уақытылы, тексеруден өткені туралы белгілері қойылған. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ -76 бұйрығына сәйкес іріңді тері ауруларына, күйіктерге, жаралары бар қызметкерлерді тексеріліп жұмысқа қосылуға рұқсат беріледі, нәтижелері арнайы журналдарға тіркеледі. Тексеру барысында асхана қызметкерлерінің сырға, сақина тағып жүрмейтіндіктері анықталды, ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ -76 бұйрығының 127 тармағына сәйкес асхана жұмыскерлері жұмыс басталу алдында шаштарын орамалдың немесе қалпақтың астына жинайды, бұйымдарды (сағаттарды, сақиналарды, білезіктерді) шешеді, тырнақтарын қысқа етіп қияды және оларды лакпен боямайды, осыған байланысты қызметкерлерге ауызша ескерту жасалды.

Асхана мен тамақтану залына санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес болуына тексеру жұмыстары жүргізілді, тамақтану залына әр тамақтанудан кейін жуып тазалау жұмыстары жүргізіледі, зарасыздандыру жұмыстары және желдету жұмыстары

жүргізіледі. Асхана ыдыстары жеткілікті, шеті сынған ыдыстарға пайдалануға жол берілмейді. Тамақтану залында үстелдер мен орындықтар жеткілікті, оқушылар екі ауыда тамақтанады. Тағамдардың дайындалу технологиясына аса мән берілді, ыдыс жуу ережелерінің сақталуы, жуу және залалсыздандыру жұмыстарының жүргізілуіне бақылау жұмыстары жүргізілді.

Шешім етті:

1. Асхана қызметкерлерінің денсаулығын бақылау және жеке гигиена қағидаларын сақтау күнделікті бақылауға алынсын.
2. ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығының 127 тармағындағы талаптарының орындалуы қадағалансын.
3. Асхана мен тамақтану залының санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес болуы қадағалансын.

- | | | |
|--|---|----------------|
| 1. Мектеп-лицей директоры: |  | Б.С.Тумурзаев |
| 2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: |  | Г.Ибрашева |
| 3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: |  | С.Абдигапбаров |
| 4. Қамқоршылық кеңестің төрағасы: |  | М.Аралбаев |
| 5. Қамқоршылық кеңестің мүшесі: |  | Ғ.Илькибаев |
| 6. Бастауыш сыныптар бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасары: |  | У.Маденова |
| 7. Ата-ана комитетінің төрағасы: |  | О.Жұмашұлы |
| 8. Әлеуметтік педагог: |  | М.Абдуллаева |
| 9. Мектеп медбикесі: |  | З.Абасилова |